

ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕГІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

Облигациялық бағдарламаның көлемі

720 000 000 000 (Жеті жүз жиырма миллиард теңге) Теңге

Толық атауы:

"Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы"
акционерлік қоғамы

Қысқартылған атауы:

"Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы"
акционерлік қоғамы

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

1. Облигациялар шығарылымы облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы ақпарат (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің толық атауы (Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті үшін) немесе заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасының резидент эмитенті үшін) эмитенттің толық атауы)

Облигациялардың осы шығарылымы (бұдан әрі – Облигациялар) облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады

Эмитенттің толық атауы: "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы" акционерлік қоғамы

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні: 26.01.2021

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні;

02.06.2025

2) облигациялық бағдарламаның шығарылымы жүзеге асырылатын шегіндегі көлемі

720 000 000 000

3) облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша бөлек жеке), оның ішінде:



3.1. Облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) тіркеу күні:

3.2. Облигациялардың түрі және саны:

Төртінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі облигациялық шығарылым

3.3. Шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі:

3.4. Орналастырылған облигациялар шығарылымының саны:

3.5. Облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі:

3.6. Есептелген сыйақы сомасы:

3.7. Төленген сыйақы сомасы:

3.8. Сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны:

3.9. Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған фактісі туралы мәлімет (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы:

3.10. Облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі:

3.11. Облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда:

3.12. Ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары:

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі. Облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болатын жағдайда, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

1 000 (бір мың) Теңге

қолданылмайды

3) облигациялардың саны

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



50 000 000 (елу миллион) дана

4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі

50 000 000 000 (елу миллиард) Теңге

5) облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

Теңге

Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі

Облигациялар қолма-қол ақшасыз нысанда ақшамен төленеді

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесі және ол болған жағдайда қосымша сыйақы. Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алу басталуына немесе алынбауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесі Облигациялардың бүкіл айналыс мерзіміне белгіленген болып табылады.

Жылдық купондық сыйақы мөлшерлемесі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі қағидаларына сәйкес өткізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттық нәтижелері бойынша айқындалады.

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні

Облигациялар айналысқа шыққан күннен бастап бүкіл айналыс мерзімі ішінде жылына 1 (бір) рет, әрбір 12 (он екі) ай сайын.

3) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн

Сыйақыны есептеу облигациялар айналысы басталған күннен бастап облигациялар өтеле бастаған күнге дейін жүзеге асырылады.

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі

Сыйақы төлемі Эмитент облигациялар ұстаушылар тізілімін жүргізетін орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша кезеңнің соңғы күніне (бұдан әрі – Тіркеу күні) облигациялар ұстаушылар тізілімінде тіркелген облигация ұстаушыларының банктік шоттарына ақша қаражатын аудару арқылы жүзеге асырылады. Төлем Тіркеу күнінен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Сыйақы төлем күніне облигациялардың атаулы құны мен жылдық купондық сыйақы мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Егер инвесторлар Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, жинақталған сыйақыны құны Қазақстан Республикасының аумағында банктік шот (теңгемен) болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Теңгені өзге валютаға айырбастау осындай төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша, Қазақстан Республикасының бейрезиденті Облигацияларды ұстаушыдан оның банктік деректемелері мен төлем жүзеге асырылуға тиіс валютасы көрсетілген жазбаша сұрау салу тиісті төленген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей алған кезде мүмкін болады. Қазақстан Республикасының резиденті - Облигацияларды ұстаушының пайдасына Облигациялар

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді. Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары Қазақстан Республикасының бейрезиденті - Облигацияларды ұстаушыға аударылуға жататын сомадан ұсталатын болады. Басқа валюта АҚШ долларын және/немесе еуроны білдіреді.

5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі

Купондық сыйақы облигациялардың атаулы құны мен жылдық купондық сыйақы мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Сыйақы төлемі облигациялар айналыста болатын бүкіл мерзім ішінде 360/30 (жылына үш жүз алпыс күн / айына отыз күн) уақыт базасы бойынша Эмитентпен жүзеге асырылады.

Сыйақының соңғы төлемі облигациялар бойынша негізгі қарыз сомасын өтеу кезінде бір мезгілде төленеді.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары және болжамды мерзімдері

2) облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иегерінің ауысқаны және кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі

3) бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетумен, инвестициялық басқарумен байланысты арнайы қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі

4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:



- 1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері
 - 2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері
 - 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі
 - 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі
 - 5) талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері
 - 6) сыйақы төлеу және бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу тәртібі мен кезектілігі
 - 7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандырудың тәртібі мен кезектілігі
- Жатпайды

8. Облигацияларды орналастыру талаптары және тәртібі

- 1) облигацияларды орналастырудың басталған күні

Облигацияларды орналастырудың басталу күні облигациялар айналысының басталу күні болып табылады.

- 2) облигацияларды орналастырудың аяқталған күні

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні болып табылады.

- 3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

- ұйымдастырылған

9. Облигацияларды айналысқа жіберу талаптары және тәртібі:

- 1) облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні

Облигациялар айналысының басталу күні алғашқы сауда-саттықты өткізу күні болып табылады. Облигациялар айналысының басталу күні туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (www.kase.kz) интернет-ресурсында жарияланады.

- 2) облигацияларды айналысқа жіберудің аяқталған күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялар айналысының аяқталу күні Облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні болып табылады.

- 3) облигациялардың айналыс мерзімі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Жылдар	Айлар	Күндер
5	0	0

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



4) облигацияларды айналысқа жіберу жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

- ұйымдастырылған

10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі

1) облигацияларды өтеу күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялар өтелімі облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

2) облигацияларды өтеу тәсілі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялар соңғы купондық сыйақыны төлеумен бір мезгілде, облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде теңгемен облигациялардың атаулы құны бойынша өтеледі. Негізгі борыш сомасын өтеуді және соңғы купондық сыйақыны төлеуді Эмитент облигацияларды өтеуге арналған соманы есептеу үшін "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да ашылған шотқа ақша аудару жолымен облигацияларды ұстаушылардың әрбір облигация ұстаушысына төленуге жататын сома туралы ақпаратты қамтитын тізімін қоса бере отырып, теңгемен жүзеге асыратын болады. "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ облигацияларды өтеуге арналған ақшаны аталған төлемді алуға құқығы бар облигацияларды ұстаушылардың және облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген банк шоттарына аударуды жүзеге асырады ("Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ орналасқан жердегі уақыт бойынша, облигациялар жүйесін жүргізуді жүзеге асырады облигацияларды ұстаушылардың тізілімдері).

Егер инвесторлар Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, номиналды төлем құны мен жинақталған сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шот (теңгемен) болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Теңгені өзге валютаға айырбастау осындай төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша, Қазақстан Республикасының бейрезиденті Облигацияларды ұстаушыдан оның банктік деректемелері мен төлем жүзеге асырылуға тиіс валютасы көрсетілген жазбаша сұрау салу тиісті төленген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей алған кезде мүмкін болады. Қазақстан Республикасының резиденті - Облигацияларды ұстаушының пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары Қазақстан Республикасының бейрезиденті - Облигацияларды ұстаушыға аударылуға жататын сомадан ұсталатын болады.

Басқа валюта АҚШ долларын және/немесе Еуроны білдіреді.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті Облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шоты болмаған жағдайларды қоспағанда, Эмитент барлық төлемдерді – сыйақы төлеуді және облигацияларды өтеуді теңгемен қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырады.

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі



Облигацияларды өзге мүлiктiк құқықтармен өтеу кезiнде сыйақы мен номиналды құнын төлеу көзделмеген.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгiленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқықтарын iске асыру тәртібі, талаптары

Облигацияларды мерзiмiнен бұрын сатып алу бойынша Эмитенттің құқығы Директорлар кеңесiнiң шешiмiне сәйкес жүзеге асырылады. Эмитент өз облигацияларын айналым мерзiмi iшiнде ұйымдастырылған нарықта сатып алуға құқылы. Бұл ретте облигацияларды сатып алу бағасы, тәртібі, шарттары және мерзiмi Директорлар кеңесiнiң тиiстi шешiмiмен айқындалады. Сатып алынған облигациялар өтелдi деп саналмайды және Эмитент оларды қайта орналастыра алады.

2) облигацияларды сатып алу құқықтарын iске асыру мерзiмi көрсетiледi

Облигацияларды сатып алу туралы шешiмдi Директорлар кеңесi қабылдаған жағдайда, бұл шешiмде облигацияларды сатып алу тәртібі, шарттары және мерзiмдерi көрсетiледi. Эмитенттің уәкiлеттi органы қабылдаған шешiм облигация ұстаушыларына Эмитенттің уәкiлеттi органы осындай шешiм қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнi iшiнде "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz) және Қаржылық есептiлiк депозитарийiнiң (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында iшкi құжаттармен және Қаржылық есептiлiк депозитарийiнiң интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібiн реттейтiн нормативтiк құқықтық актiмен белгiленген тәртіппен ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы жеткiзiледi. Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигация ұстаушыларының құқықтарын және Эмитенттің өз облигацияларымен мәмiлелер жасау тәртібiн реттейтiн Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын бұзбауға тиiс.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгiленген жағдайда:

1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердiң) сипаттамасы

Облигациялар айналымда жүрген бүкiл кезең iшiнде Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингтiк комиссиясы ұсынған келесi қосымша шектеулердi (ковенанттарды) сақтауға тиiс:

- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтiк шартта белгiленген мерзiмдерге сәйкес жылдық және аралық қаржылық есептiлiктi ұсыну мерзiмiн бұзуға жол бермеу;

- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтiк шартта белгiленген мерзiмге сәйкес Эмитенттің жылдық қаржылық есептiлiгiне аудит қорытындысын ұсыну мерзiмiн бұзуға жол бермеу.

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент iс-әрекетiнiң тәртібі

Осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердiң) кез келгенiнiң бұзылуы орын алған жағдайда, Эмитент бұзушылық орын алған күннен кейiнгi 3 (үш) жұмыс күнi iшiнде осы бұзушылықтың туындау себептерi, оны жою тәсiлi мен мерзiмi туралы егжей-тегжейлi сипаттамасы бар ақпаратты облигация ұстаушылардың назарына жеткiзуге мiндеттi. Аталған ақпаратты облигация ұстаушыларға жеткiзу Қазақстан қор биржасының және Қаржылық есептiлiк депозитарийiнiң (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиiстi ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрi – ҚЕД).

Жазбаша сатып алу талаптарын қабылдау кезеңiнiң соңғы күнiнен кейiнгi күннен бастап



күнтізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірмей, Эмитенттің уәкілетті органы облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Бұл шешімде сатып алынатын облигациялар саны, сатып алу күні, есеп айырысу тәртібі (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда) және сатып алуды ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер көрсетіледі. Облигацияларды сатып алу туралы шешім оны қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ресми сайтында (www.khc.kz), сондай-ақ Қазақстан қор биржасының (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы облигация ұстаушыларға жеткізіледі.

Облигацияларды сатып алу Эмитенттің уәкілетті органының облигацияларды сатып алу мерзімі мен тәртібі туралы тиісті шешімі жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, бірақ ковенанттардың бұзылу сәтінен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

3) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі

Эмитент тарапынан осы тармақпен көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенінің бұзылуы туралы ақпаратпен облигация ұстаушылары Биржаның және Қаржылық есептілік депозитарийінің (ҚЕД) ресми интернет-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде таныса алады. Эмитент тарапынан қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенінің бұзылғаны туралы ақпарат алғаш жарияланған күннен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигация ұстаушылары Эмитентке тиесілі облигациялардың саны көрсетілген жазбаша сатып алу өтінімдерін беруге құқылы, ал Эмитент бұл өтінімдерді қабылдауға міндетті.

Эмитент Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу туралы шешімі қабылданғаны, соның ішінде облигацияларды сатып алу күні туралы ақпаратпен облигация ұстаушылары осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Биржаның және ҚЕД-тің ресми интернет-ресурстары арқылы таныса алады. Егер облигацияларды сатып алу ұйымдастырылған нарықта жүргізілсе, облигация ұстаушысы, өзіне тиесілі облигацияларды Эмитентке сатуды жоспарлаған жағдайда, Биржаның ішкі қағидаларында көзделген тәртіппен сату туралы тиісті өтінім беруі тиіс.

Егер облигацияларды сатып алу ұйымдастырылмаған нарықта жүргізілсе, облигацияларды сатып алу күні облигация ұстаушысы өзіне тиесілі облигацияларды есептен шығару туралы өтінімді облигация ұстаушылардың тізілімін жүргізу қызметін жүзеге асыратын орталық депозитарийге оның қағидаларында белгіленген тәртіппен жолдауы тиіс.

Сатып алу туралы өтінім бермеген облигация ұстаушылары осы проспекте көрсетілген айналым мерзімі аяқталған соң, өздеріне тиесілі облигациялар бойынша өтеуге құқылы.

13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар

2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі)



Банктер туралы заңның 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға конвертациялау талаптарын көрсетеді

Жатпайды

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Аталған облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген.

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

Аталған облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген.

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Аталған облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе)

Аталған облигациялар шығарылымына банк кепілдігі берілмеген.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері

Облигациялар инфрақұрылымдық облигациялар болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Облигациялар шығарылымы арқылы тартылған қаражаттар «Энергетика және коммуналдық секторларды модернизациялау» ұлттық жобасын қаржыландыруға бағытталады. Бұл қаржы жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу арқылы табиғи монополиялар субъектілерін қаржыландыруды қамтиды.

Облигациялар шығарылымы арқылы тартылған қаражаттар жергілікті атқарушы органдардың кезекте тұрған азаматтары үшін жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу, кейіннен жекешелендіру құқығымен және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қаржыландыру мақсатында жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алуға бағытталады.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

Облигациялар әлеуметтік болып табылады. Облигациялар шығарылымы және орналастырылған қаражатты пайдалану Эмитенттің «әлеуметтік» және «жасыл» облигациялар шығаруға қатысты саясатына сәйкес жүзеге асырылады, бұл саясат Эмитенттің ішкі

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне қайшы келмейді.

«Энергетика және коммуналдық секторларды модернизациялау» ұлттық жобасын қаржыландыру аясында қаражаттар жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алуға жұмсалады, олар өз кезегінде табиғи монополиялар субъектілерін су жеткізу, жылу жеткізу, электрмен қамтамасыз ету және су бұру жүйелері бойынша қаржыландырады.

Жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу, кейіннен жекешелендіру құқығымен және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қаржыландыру аясында жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу арқылы қаражаттар сол жергілікті атқарушы органдардың кезекте тұрған азаматтарына арналған тұрғын үйді сатып алу және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қаржыландыруға бағытталады. Бұл процесс қабылданған жобалардың категорияларына сәйкес жүзеге асырылады, олар кейіннен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алуды қамтиды, сонымен қатар жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қаржыландыруды қамтиды.

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

Облигациялар "жасыл" облигациялар болып табылмайды.

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Әлеуметтік облигацияларды орналастырудан тартылған қаражаттар Эмитенттің «әлеуметтік» және «жасыл» облигациялар шығаруға қатысты саясатына сәйкес пайдаланылатын болады.

«Энергетика және коммуналдық секторларды модернизациялау» ұлттық жобасын қаржыландыру аясында қаражаттар жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алуға жұмсалады, олар өз кезегінде табиғи монополиялар субъектілерін су жеткізу, жылу жеткізу, электрмен қамтамасыз ету және су бұру жүйелері бойынша қаржыландырады. Аталған жоба ұлттық жобаның аясында энергетика және коммуналдық секторлардың қолданыстағы активтерін жаңғырту және жаңарту жұмыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оның ішінде: кемінде 200 табиғи монополиялар субъектісі және кемінде 30 жылуэлектрорталығы, бұл өз кезегінде авария деңгейін 20%-ға, энергетикалық және коммуналдық активтердің тозуын орташа есеппен еліміз бойынша 40%-ға төмендетуге ықпал етеді.

Жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу, кейіннен жекешелендіру құқығымен және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қаржыландыру аясында қаражаттар жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу арқылы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталады, олар кейіннен жергілікті атқарушы органдардың кезекте тұрған азаматтарына арналған жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қаржыландыруды жүзеге асырады. Аталған жоба Қазақстан Республикасының азаматтарын қосымша тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Эмитенттің «әлеуметтік» және «жасыл» облигациялар шығаруға қатысты саясаты Халықаралық капиталы нарығы қауымдастығының (ISMA) әлеуметтік облигациялар принциптерінде көрсетілген ұсыныстарға сәйкес келеді. Эмитент әлеуметтік облигациялар саясатының ISMA



принциптеріне сәйкестігін растау үшін тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізеді.

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Облигациялар тұрақты даму облигациялары болып табылмайды.

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

Эмитент жыл сайын әлеуметтік облигацияларды орналастырудан тартылған қаражаттарды пайдалану туралы есепті Эмитенттің ресми интернет-ресурстарында (www.khc.kz) және «Қазақстан қор биржа» АҚ-ның интернет-ресурстарында (www.kase.kz) жариялауға міндеттенеді.

«Әлеуметтік» және «жасыл» облигациялар шығару жөніндегі саясатына сәйкес Эмитент тартылған қаражаттарды пайдалану туралы есепті жыл сайын жариялауға міндеттенеді.

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

Эмитент әлеуметтік облигацияларды орналастырудан түскен қаражат шеңберінде активтердің жиынтық көлемін бақылауды қамтамасыз етуге міндеттенеді, ол көлем әлеуметтік облигацияларды орналастырудан түскен жиынтық түсімдерге тең немесе одан артық болуы тиіс. Эмитенттің уәкілетті органының жобаны жасыл және/немесе әлеуметтік жобалардың санаттары мен критерийлеріне сәйкес келмейді деген шешім алған жобалар жасыл және/немесе әлеуметтік облигациялар қаражаты есебінен қаржыландыруға жатпайды.

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

Облигациялар тұрақты дамуымен байланысты облигациялар болып табылмайды.

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

Облигациялар тұрақты дамуымен байланысты облигациялар болып табылмайды.

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

Облигациялар тұрақты дамуымен байланысты облигациялар болып табылмайды.

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

Облигациялар тұрақты дамуымен байланысты облигациялар болып табылмайды.

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Облигациялар инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі

Мемлекеттік тіркеу күні

Мемлекеттік тіркеу нөмірі

Облигациялардың түрі

Саны

Көлемі

Есептелген және төленбеген пайыздар

Жатпайды

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигация бойынша сыйақы не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар алу құқығы

- облигациялардың проспектісінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде номиналдық құнын алуға құқық;

- проспектісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде белгіленген сыйақыны алуға құқық;

- Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ эмитенттің ішкі ережелерінде көзделген тәртіппен алуға құқық;

- облигациялар бойынша талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар мен тәртіпте қанағаттандыруға құқық;

- облигацияларды иеліктен шығару құқығы;

- облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

2) эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы.

Өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығару жағдайында осы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі

Егер Эмитент бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда бұзушылыққа жол берген жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу құқығын талап етуге құқығы бар. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде эмитент орналастырылған облигацияларды келесі бағалардың ең үлкені бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті:

- жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;

- Облигациялардың әділ нарықтық бағасы.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Эмитент банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым болып табылатынын ескере отырып, эмитентке бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15-баптың 2-тармағының талаптары қолданылмайды.

Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген сатып алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Эмитенттің (www.khc.kz) сайтында, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) ресми сайтында ақпаратты орналастыру және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды сатып алу үшін негіздеменің туындауы туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді. Облигацияларды ұстаушылардың Эмитент Облигацияларды сатып алу үшін негіздеменің туындағаны туралы ақпаратты орналастырған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Эмитенттің атына жіберуге, ал Эмитенттің Облигацияларды сатып алуға мәлімделген санын көрсете отырып, өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш қабылдауға құқығы бар. Эмитенттің уәкілетті органы сатып алуға жазбаша өтінімдерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірмей Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды, онда Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға, сатып алынатын Облигациялар саны, сатып алуды өткізу күні, есеп айырысу тәртібі және сатып алуды ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер туралы ақпарат болады. Облигацияларды сатып алу туралы шешім осы шешім қабылданған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ресми сайтында (www.khc.kz) тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру, сондай-ақ "Қазақстан қор биржасы" АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарий сайтында (www.dfo.kz) ақпаратты орналастыру арқылы

Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді. Эмитент Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің уәкілетті органының Облигацияларды сатып алу туралы тиісті шешімі жарияланғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, бірақ бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

3) өзге де құқықтар

Көзделмеген.

20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт сыйақы (купон) және/немесе облигациялардың номиналды құны осы проспектіде көзделген мерзімдерде төленбеген немесе толық төленбеген кезде пайда болады. Егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының дұрыс емес не толық емес деректемелерін алуының нәтижесі болып табылса, Эмитенттің сыйақыны (купонды) және/немесе номиналды құнын осы проспектіде көзделген мерзімдерде төлемеуі немесе толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды немесе «бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің Эмитентіне ұсынбауы, заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген. Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Эмитент осы проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



деп басталуы болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақыт кезеңіне сәйкес тоқтатыла тұрады. Эмитенттің кінәсінен орналастырылған Облигациялар бойынша міндеттемелерді уақтылы/тиісінше орындамаған кезде келесі санкциялар көзделген:

- Облигациялардың номиналды құнын осы проспектіде көзделген мерзімдерде уақтылы өтемегені үшін мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы қайтарылмаған ақша сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ төлеуге тиесілі ақша сомасының 10% (он пайызынан) аспайтын тұрақсыздық айыбы (өсімпұл);

- осы проспектіде көзделген мерзімдерде Облигациялар бойынша купондық сыйақыны уақтылы төлемегені үшін мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін төленбеген купондық сыйақы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ төленбеген купондық сыйақы сомасының 10% (он) пайызынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы (өсімпұл).

Дефолт басталған кезде Эмитент дефолт тудырған себептерді жоюға, оның ішінде қаржылық жағдайын жақсартуға және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз етуге бар күшін салады.

Осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт туындаған жағдайда ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру осы проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылатын болады.

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар

Облигациялар бойынша дефолт басталған сәттен бастап екі ай ішінде Эмитент дефолттан қолайлы шығуды айқындау мақсатында Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастамашылық жасайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті көлемдер мен орындау мерзімдерін көрсете отырып, Облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді. Эмитент Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және Облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқару, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және өзге де шараларды қамтиды:

- несиелеу/ жалға беру көлемін азайту;

- әкімшілік шығыстарды қысқарту, оның ішінде қызметкерлердің штат санын қысқарту арқылы;

- проблемалық кредиттермен жұмыс жөніндегі шараларды күшейту;

- қолда бар активтерді сату;

- ағымдағы берешекті қайта қаржыландыру мақсатында Эмитенттің кредиторларымен келіссөздер жүргізу;

- Эмитенттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде меншікті капиталды ұлғайту мақсатында Эмитенттің акционерлеріне жүгіну.

Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт туындаған жағдайда міндеттемелерді қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылатын болады.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары Эмитент Облигациялар бойынша



дефолт туындаған жағдайда келіссөздер жүргізу жолымен облигацияларды ұстаушылармен келіседі

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі

Дефолт туындаған жағдайда Эмитент облигация ұстаушыларының назарына дефолттың басталу фактісі туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қаржылық есептілік депозитарийіне (www.dfo.kz) ресми хат жіберу арқылы проспектіде белгіленген міндеттемелерді орындау күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізуге міндетті. Ақпаратта облигациялардың параметрлері, купондық сыйақы және/немесе облигациялардың номиналды құны төленуі тиіс күн, орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себептері, Эмитентке қойылатын талаптардың айналыс тәртібі қамтылған облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын орындау үшін жасайтын ықтимал әрекеттер тізбесі, сондай-ақ Эмитенттің өз міндеттемелерін орындау бойынша міндеттемелері және өз міндеттемелері бойынша облигация ұстаушылармен есеп айырысуды жоспарлап отырған күн көрсетіледі.

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауап беретін тұлғалар жоқ.

21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

Эмитенттің ақша қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы осы проспектіге 1-қосымшада көрсетілген.

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Жатпайды

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Қолданылмайды.

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):



1) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

толық атауы: Облигациялардың осы шығарылымы бойынша кеңесші қарастырылмаған.

қысқартылған атауы:


2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері: өкілінің орналасқан жері:

байланыс телефондарының нөмірлері:

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі: ,

Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Уәкілетті тұлға



Электронная цифровая подпись:

**КУЗДИБАЕВ АЛТАЙ
ШОКАНОВИЧ**

(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и

